**Қамқоршылық кеңесі отырысының**
**хаттамасы №4**

**О.Әлібаев ЖОББМ**
**26.02.2021 ж.**
**сағ.$10^{00}$**
**Төрайымы:** Ибраева А (ата-ана)
**Хатшы:** Д.Ауданбай (әлеуметтік педагог)
**Қатысқандар:** Алин Д.Г- мектеп директоры, Н.Абикенов – оқу ісінің орынбасары., Желибаева Н.Б – тәрбие ісінің орынбасары.
**Қамқоршылық кеңесінің мүшелері-**
Құржікова А.К (ата-ана)
Жанпейісова Б.С (ата-ана)
Кожамуратова Ж (ата-ана)
Махатова А (ата-ана)
Көпбосынов Ж.Г (шаруа қожалық иесі, ата-ана)
Кабдиева С ( ата-ана)
Исатаев О.К (шаруа қожалық иесі, ата-ана)
Бекмаханова Ж (ата-ана)

**Күн тәртібінде:**

1.2020-2021 оқу жылындағы әртүрлі негізгі бағыттар бойынша мектептің дамуы.
Д.Г.Алин, Н.Б.Желибаева

2. Мектептің білім сапасын көтеруге бағытталған жұмыстар.
Н.Абикенов

**Тыңдалды:**
**Сөйледі 1.1:** мектеп директоры - Д.Г.Алин.
Мектеп директоры Д.Г.Алин сөз алып, биылғы оқу жылында мектептің дамуына бағытталған негізгі бағыттағы жұмыстарға тоқталды. Мектептегі «Ұлағат» педагогтар арасындағы желілік қоғамдастық жұмысының жұмыс жоспарына сүйене отырып атқарылған біршама жұмыстар мектептің дамуына өз әсерін тигізері сөзсіз. Сонымен қатар таңдау пәндері, үйірме жұмыстары, облыстық жобалар өз деңгейінде түрлі іс-шаралар өткізіп жатқандықтан мектептің дамуы ілгерілеуде.

**Сөйледі 1.2:** тәрбие ісінің орынбасары- Н.Б.Желибаева.
2020-2021 оқу жылының қазан айынан бастап мектебімізде ҚО ББД ОӘО басшылығымен "Бірге оқимыз" инновациялық жобасы аясында жылдық жұмыс жоспары құрылып, жұмыстар жүргізілуде. Жобаның басты мақсаты-педагогтердің кәсіби құзіреттіліктерін арттыру және әдістемелік қолдау көрсету. Осы орайда мектебіміздің педагогтерін өздерінің педагогикалық іс-тәжірибесімен алмасуы үшін воркшоптарды ұйымдастырып өткізуге ынталандыру міндеті алға қойылды. Жобаның мақсат-міндеттері жоспарлы түрде жүзеге асуда. Мектеп бойынша аталмыш жобаға мектеп тренері, пән мұғалімі А. Мамина жетекшілік етеді. Өткізілген воркшоптар арқылы педагогтеріміз өздерінің үздік іс-тәжірибелерімен бөлісті. Қашықтықтан оқыту жағдайында қолдануға болатын көптеген онлайн қосымшалар, платформалар таныстырылады. Өткізілген воркшоптар бойынша толық ақпарат фейсбук әлеуметтік желісінде жүйелі түрде жарияланып, жоба әзірлеушісі ҚО ББД ОӘО әдіскері Дюсембина Ж. К. тікелей бақылауында. "Өнегелі өмір" жобасы аясында жоспар құрылып, әр ай сайын құрметті, табысты азаматтармен сұқбат ұйымдастырылып, өткізіліп отырады. Мұнда оқушыларға кәсіби бағдар беру, өнегелі өмірінен ой түйіндеу мақсатында жұмыстар атқарылды.
**Сөйледі 2.1:** Н.Абикенов-оқу ісінің орынбасары
Мектептің білім сапасын арттыру мақсатында «Зейін», «Оқуға құштар мектеп», «Бір отбасы – бір кітап» жобалары қолға алынып, жұмыстар атқарылуда. Сонымен қатар пәндік олимпиадалар, ғылыми жоба әзірлеу жұмыстары қолға алынып атқарылуда. Оқушылар қашықтықтан түрлі зияткерлік олимпиадаға қатысып, білімдерін шыңдауда.
**Сөз алғандар:** Жанпейісова Б.С (ата-ана)
Мектептің дамуына әсер ететін әртүрлі негізгі бағыттар бойынша жұмыстар жүйелі жүргізіліп отырады. Әр жұмысқа оқушыларымызды қатыстырып, белсенділігін арттыра отырып, мектептің дамуына ықпал етуіміз керек.

**Қаулы етілді:**
1. Мектептің дамуына негізделген түрлі бағыттар бойынша ата-аналарда ақпараттандыруға атсалыса отырып, үлес қосу кеңес мүшелеріне міндеттелінсін.
2. Мектептің білім сапасын көтеруге, жүйелі жұмыстардың атқарылуына ықпал ете отырып, нәтижеге бағытталған жұмыстар атқару кеңес мүшелеріне жүктелсін.

**Кеңес мүшелері:**
Құржікова А.К
Кожамуратова Ж
Исатаев О.К
Көпбосынов Ж.Г
Махатова А
Бекмаханова Ж
Жанпейісова Б.С
Кабдиева С

**Төрайымы:** **А.Ибраева**
**Хатшы:** **Д.Ауданбай**